

## Жекелеген отандық өндірушілерді қолдау мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1998 жылғы 13 тамыздағы N 763

Отандық өндірушілерді қолдау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі  
қ а у л ы е т е д і :

1. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі жүйелердің регламенттік сынақтарының нәтижелерін және тиісті кәсіпорындардың аталған шығындарды төмендету жөніндегі өткізетін шараларын есепке ала отырып, жылу энергиясын бөлу кезіндегі жылу шығындарының нормативтерін қайта қарасын.

*ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгерді - ҚРҰ-нің 1998.12.21. N 1303 қаулысымен .*

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі АҚШ-тың Қазақстандағы елшілігі мен Қазақстан Республикасының АҚШ-тағы елшілігіне америкаан рыногындағы қазақстандық ферросилицийларға демпингке қарсы баждардың күшін ж о ю т у р а л ы х а т д а й ы н д а с ы н .

3. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары жөніндегі комитеті Қаржы министрлігінің Салық комитетімен бірлесіп, кәсіпорындарға арналған су жинауы лимитінің шегінде қайтарылған суды пайдалану үшін тарифтердің ставкаларын төмендету туралы мәселені қарасын және оны Қазақстан Республикасы Үкіметінің қ а р а у ы н а е н г і з с і н .

4. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті Батыс Қазақстан облысы бойынша Салық комитетінің заңды тұлғалардан табыс салығы бойынша негізсіз алған 110722435 теңге соманы "Интергаз Орталық Азия" жабық акционерлік қоғамына заңды тұлғалардан алынатын табыс салығы бойынша басқа салықтарды т ө л е у е с е б і н е е с е п т е с і н .

5. Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қ о р ғ а у ж ө н і н д е г і к о м и т е т і :

Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігімен, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кеден комитетімен және "Акцепт" фирмасымен (келісім бойынша) бірлесіп кеден декларацияларының электрондық көшірмелері үшін ақы төлеуді төмендету туралы мәселені қарасын;

Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі бекіткен желілердегі шығындардың жаңа нормативтерін ескере отырып "Алматы Пауэр Консолидэйтед" жабық акционерлік қоғамы өндіретін жылу энергиясына тарифтердің д е н ғ е й і н қ а р а с ы н ;

Қырғыз айналма газ құбыры пайдалануға енгізілгеннен кейін газды тасымалдауға арналған тарифте оның құрылысына салынған қаражатты қайтаруды ескерсін.

*ЕСКЕРТУ. 5-тармақ өзгерді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің  
2000.03.31. N 485 қаулысымен .*

6. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі "Алматы Пауэр Консолидэйтед" жабық акционерлік қоғамының "Шетелдік инвестициялар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабына сәйкес сатып алу-сату шартын жасасу сәтіне дейін қолданылған салықты есептеудің кассалық әдісіне көшуі мәселесін шешсін.

7. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кеден комитеті:  
"Полторацкое" жерасты газ қоймасының пломбасын алсын, 1998 жылы Қазақстан Республикасының аумағы арқылы өтетін өзбек газының көлемін декларациялауды " Орталық Азия Интергаз" жабық акционерлік қоғамы мен Өзкөлікгаздың арасында келісім-шартқа қол қойылғаннан кейін жүргізсін.

8. Алматы облысының әкімі "Алматы Пауэр Консолидэйтед" жабық акционерлік қоғамына мемлекеттің жер пайдалануға беретін жері үшін ақы ставкасын 3 процент мөлшерінде белгілесін.

9. Қазақстан Республикасының Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1 ) < \* >  
2 ) < \* >

*Ескерту. 1),2)-тармақшалардың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2003.09.02. N 890 қаулысымен , 2005.03.09. N 217 қаулысымен .*

10. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрі М.Қ.Әблязовқа жүктелсін.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*